

Аққулы ауданының Жамбыл ауылдық округінде орналасқан "КХ "РАССВЕТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 1-17/01 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 мамырда № 6396 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі № 1-17/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 09.09.2019 № 1-17/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Аққулы ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 3 мамырдағы № 1-28/68 ұсынысы негізінде, Жамбыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аққулы ауданының Жамбыл ауылдық округінде орналасқан "КХ "РАССВЕТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында жануарлардың құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Аққулы ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) , "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Аққулы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Павлодар облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Аққулы ауданының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауылдық

округінің әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Н. Айтуғанов

"Аққулы ауданының ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2019 жылғы "30" мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қ. Тлеуғабыл

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ветеринариялық бақылау және

қадағалау комитетінің Аққулы аудандық

аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2019 жылғы "30" мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Ғ. Сағалов

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау

комитеті Павлодар облысы Қоғамдық

денсаулық сақтау департаментінің

Аққулы ауданының қоғамдық денсаулық

сақтау басқармасы" республикалық

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2019 жылғы "30" мамыр

Т. Сламбеков